

Алғыс хат

Мен, Машрапова Асия Еркиновна, Павлодар педагогикалық университетінің түлегі ретінде, өзіме сапалы білім мен кәсіби бағыт-бағдар берген қасиетті білім ордасына және Шет тілдер кафедрасының профессор-оқытушылар құрамына шынайы алғысымды білдіремін.

Павлодар педагогикалық университетінде 2014-2018 жылдар аралығында бакалавриатта, ал 2019-2021 жылдары магистратурада «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша білім алдым. Осы жылдар менің кәсіби қалыптасуымда, болашақ маман ретінде өз жолымды табуымда ерекше орын алды. Университет қабырғасында алған теориялық білім мен практикалық дағдылар менің бүгінгі шет тілі мұғалімі ретіндегі кәсіби дамуымның берік негізі болды.

Бакалавриатта дипломдық жұмысымды жоғары кәсібилігімен, талапшылдығымен және ғылыми бағыт-бағдарымен ерекшеленетін ғылыми жетекшім Саурбаев Ришат Жүркеновичтің жетекшілігімен жаздым. Ал магистратурада магистрлік диссертациямды Жетпісбай Әлия Қожамұратқызының жетекшілігімен орындадым. Әлия Қожамұратқызы - жоғары кәсіби біліктілігімен, терең ғылыми біліммен және адами қасиеттерімен ерекшеленетін ұстаз. Магистрлік диссертациямды жазу барысында ол әрдайым бағыт-бағдар беріп, ғылыми жұмысты жүйелі әрі сапалы орындауыма үлкен қолдау көрсетті. Ғылыми жетекшілерімнің қолдауы мен кеңесі ғылыми-зерттеу дағдыларымды дамытуыма, өз ойымды ғылыми тұрғыда жүйелі жеткізе білуіме үлкен ықпал етті.

Магистрлік диссертация жазу барысында дайындаған ғылыми мақалаларым республикалық ғылыми журналдарда және халықаралық конференциялар жинақтарында жарияланды. Бұл жетістіктерімнің барлығы университеттегі сапалы білім беру, ғылыми орта және ұстаздардың үздіксіз қолдауының нәтижесі деп білемін.

Университет қабырғасында алған білім мен тәлімнің нәтижесінде кәсіби қызметімде бірқатар жетістіктерге қол жеткіздім. Атап айтқанда, 2025 жылы өткен «Жыл мұғалімі» облыстық байқауында ІІ дәрежелі дипломға ие болдым. Сонымен қатар, 2024 жылы «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» республикалық педагогикалық олимпиадасына қатысып, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының грамотасымен марапатталдым. Бұл жетістіктерімнің барлығы Павлодар педагогикалық университетінде қалыптасқан берік білім негізі мен оқытушылардың сапалы кәсіби дайындығының жемісі деп білемін.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, мені маман ретінде қалыптастырған Павлодар педагогикалық университетіне, әсіресе Шет тілдер кафедрасының профессор-оқытушылар құрамына зор ризашылығымды білдіремін. Университеттің алдағы уақытта да білім мен ғылым саласында биік жетістіктерге жете беруіне тілектеспін.

Ізгі ниетпен,
Павлодар педагогикалық
университетінің түлегі,
Екібастұз қаласы, №25 қазақ
қыздар гимназиясының ағылшын
тілі пәнінің мұғалімі



Машрапова Асия Еркиновна